

Э.Т. Бакыткали*, З.О. Дукенбаева

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: elder-01.95@inbox.ru; rio@ppi.kz)*

Мандоки Қоңыр Иштванның өнегесі және ғылыми еңбектерінің тарихи маңыздылығы

Венгерлік ғалымдардың мадиярлардың ежелгі дүние және орта ғасырлардағы тарихына үлкен ғылыми және қоғамдық қызығушылық танытқаны белгілі. Бұл жөнінде Венгрияның тарих ғылымында тарихи ақпараттың айтарлықтай көлемі жинақталып, бірқатар ғылыми мектептер мен бағыттар қалыптасқан. Осыған байланысты, мақалада ХХ ғасырдың әйгілі түркітанушысы, еуропалық қыпшақтанудың негізін қалаушы, түркі халықтарының тарихы, мәдениеті мен тілі жөніндегі маңызды еңбектердің авторы — Иштван Мандокидің өнегесі және ғылыми еңбектері қарастырылған. Авторлар Иштван Мандокидің тарих ғылымына қосқан үлесіне, негізгі еңбектері мен ғылыми қызығушылықтарының бағыттарына талдау жасаған.

Кілт сөздер: Иштван Мандоки, тарих ғылымы, Иштванның ғылыми еңбектері, түркітану, Венгрия, Қазақстан, түркі халықтары, тарих.

Кіріспе

Мемлекет тәуелсіздікке ие болғаннан соң Қазақстанның тарих ғылымы өзінің дамуының сапалы жаңа кезеңіне көшкені белгілі. Атап айтқанда, партиялық және идеологиялық диктатурадан арылып, ақпараттық-дерекнамалық негіз және ізденіс тақырыптары айтарлықтай кеңейді. Осымен бірге, еліміздің әлемдік қауымдастыққа кіруінің өзі де дүниежүзі тарихы, халықаралық қатынастар мен сыртқы саясат, шығыстану, түркітану, тарих әдіснамасы мәселелері бойынша зерттеу жұмыстарының сандық және сапалық жағынан өсуіне ықпал етті. Әрине, табиғат пен қоғамның объективті заңдылықтарын зерттейтін ғылымның дамуынсыз қазіргі кезеңдегі өркениеттің дамуын елестету мүмкін емес. Өйткені, ғылым мен білімнің қамын ойлайтын халықтың ғана өзінің мемлекетін басқаруға қабілеті бар. Ірі ғалымдардың ғылым мен қоғамның дамуына қосқан үлесінің зор екендігін адамзат тарихы дәлелдеп отыр. Дегенмен, қазіргі кезеңдегі отандық тарихнамада ғалымның тұлғалық ролін анықтауға жеткіліксіз назар аударылуда. Сондықтан, қазіргі уақытта тағдыры бір мағыналы емес нақты бір тұлға, ғалымға назар аудару қажеттілігі туындауда. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі аралықта тарих ғылымының даму кезеңінде тарихи құбылыстарды жетік ұғыну үшін көрнекті тарихшылар мен түркітанушылардың, соның ішінде Иштван Қоңырдың ғылыми мұрасын зерттеудің маңызы жоғары деп санаймыз. Себебі, Қоңыр тарих пен түркітанудың дамуына айтарлықтай үлес қосып, артына бірқатар маңызды ғылыми мұраларды қалдырғаны белгілі.

Зерттеу әдістері

Қоңырдың өнегесі мен ғылыми еңбектерінің тарихи маңыздылығын зерттеу барысында тарихилық, объективтілік және жүйелілік принциптері негізге алынды. Аталған принциптер ғалымның ғылыми мұрасын зерттеуге жүйелі түрде қарауға мүмкіндік берді. Иштван Қоңырдың өмірі мен қызметін тану үшін тарихи библиографиялық әдіс, ал ғылыми еңбектерін, оның көзқарастарын, дүниетанымдық ойларын қарастыру барысында тарихи-салыстырмалы әдісі қолданылды. Осымен қоса, биографиясын зерттеу барысында және оның көзқарастарының эволюциясын анықтауда хронологиялық және кезеңдеу әдістері пайдаланылды.

Талқылау

Мажарстанның атақты ғалымы доктор Мандоки Қоңыр Иштван — өзінің саналы ғұмырында мажар және күллі түркі халықтарының ынтымақтастығы жолында зор еңбек сіңірген қайраткер ретінде белгілі. Өзімізге белгілі, 1992 ж. 48 жасында Қоңырдың күтпеген қазасы Қазақстанның тә-

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: elder-01.95@inbox.ru

уелсіздікке қол жеткізген шағымен тұстас келген кезде ол қазақ топырағына жерлеуді өсиет еткені бойынша, Алматы іргесіндегі Кеңсай зиратында жерленген болатын. Тарихшы, этнограф және Қоңырдың шәкірті ретінде оның мұрасын зерттеумен айналысатын ғалым Бабақұмар Хинаяттың пікірінше, мұндай тебіренерлік жағдай қазақ топырағында бұрын-соңды болған емес. Өлімінен кейін де түркі халықтары арасында мифологиялық заңғарға көтеріліп, сүйіспеншіліктің үлгісіне айналған Қоңыр түркі-мажар халықтарының арасындағы алтын көпір болып қала берді. Сол себептен де Н.Ә. Назарбаевтың Будапештте жарық көрген «Ғасырлар тоғысында» еңбегінің мажарша (аударған Бенкө Михай) басылымына жазған алғысөзінде Мажарстанның сол кездегі президенті, көрнекті қаламгер Гөнц Арпад Қоңырдың сіңірген еңбегіне ерекше тоқталады. Өз кезегінде Н.Ә. Назарбаев Гөнц Арпадтың қазақ тілінде жарық көрген «Белгісіз мажар бейнесі» атты кітаптың алғысөзінде «Қоңыр екі халықтың арасындағы ұлы тарихи қандастықты жан-жақты дәлелдеп қана қоймай, ел мен елдің бірлігі, ортақ мәдениеттің гүлденуі, өзара қатынастардың кемелденуі жолында аянбай еңбек еткенін қазақ халқы мақтанышпен жадында сақтайды, үлгі өнеге тұтады» [1; 112], – деп атап көрсеткен. Сондықтан, Қоңырдың ғылыми қызығушылықтары мен еңбектері қазіргі кезеңдегі Қазақстан мен Мажарстанның арасындағы қатынастардың дамуына өзіндік ықпалын тигізді деп айта аламыз.

Мандоки Қоңыр Иштван 1944 жылдың 10 ақпанында Мажарстандағы екі үлкен өзен — Дунай мен Тиса дариясы арасындағы Кішіқұман (Кишкуншаг) аймағының рухани орталығына саналатын Карцаг қаласында жер иесі Мандоки Шандор мен Кочкор Караси Ержебет отбасында дүниеге келген. Мандоки ұрпағы ел арасында үлкен беделді, Қоңырдың ата-бабалары ауқатты, әрі аксүйектер арасында дәстүрлілікті бекем ұстауымен аты шыққан әулет болған. Қоңыр туылған кезде оның тегі мен аты Мандоки Иштван болған, соңынан, есейген шағында ол өзінің бастапқы отбасылық тегін қабылдаған. Қазақстанда оны Мандоки Қоңыр немесе Иштван Қоңыр деген есім арқылы таниды. Торма Йозефтің пікірінше, «Қоңыр қойылатын есімнің магиясына сенген және есім бұл адамның болашағын анықтайды», — деп таныған. Сондықтан, Қоңыр өзінің есімін Атлан, яғни қазақша Аттан деп өзгерткен [2; 195].

Иштван Қоңырдың балалық шағы Мажарстандағы коммунистік тәртіптің жазалау науқаны шырқау шегіне жеткен зобалаңды тұсына сәйкес келуі, оның көптеген қиындықтармен жүздесуіне алып келгені белгілі. Мысалы, зерттеуші Б. Хинаяттың пікірінше, 1956 ж. Мажарстанда кеңес үкіметінің езгісіне қарсы бой көрсеткен төңкеріс бала Қоңырдың санасына үлкен серпіліс әкеліп қана қоймай, жанын жаралап кетті. Барша Мажарстандағыдай жайт Құмания тұрғындарының шаруашылығын тұралағанды, қысым көрді. Мандоки отбасының шығу тегіне байланысты күдіктілер тізіміне алынды. Жаппай кәмпескелеу барысында шыққан тегіне байланысты әулеттің иелігіндегі жері мен дүние-мүлкінен түгел айырылған, әкесі де дүние салған.

Сондықтан, жалпы білім беретін мектепті бітірген соң сол кездегі саяси-идеологияның кесірінен бай-шонжардың ұрпағы санатындағы жеткіншекке университет есігі жабық болды. Осы себептен, Қоңыр туған қаласы Карцагқа келіп, сондағы ауыл шаруашылығы техникумының директоры Хайду Беланың көмегімен астыртын оқи бастайды. Алғашында оны оқушылардың ресми тізіміне тіркеу мүмкін болмаса да, тығылып, ұрланып жүріп оқуын жалғастырады. Оқуға ынталы, тумысынан зерек бала ол оқу орнын үздік бітіріп шығады. Соңынан, Мажарстанда саяси ахуал біршама өзгере қалған кезде өзінің жерлесі, әлемге атышулы түркітанушы, академик Немет Дьюланың партиялық кепілдемесінің арқасында 1963 ж. Қоңыр Будапешт мемлекеттік университетіне қабылданады [3]. Немет профессордан түркология мен көне мажар тарихын оқумен бірге атағы сол кездері дәуірлеген университетте ұстаздық еткен ғалымдар Цегледи Каройдан араб филологиясы мен мажарлардың Еуропаға қоныстануы дәуірінің тарихын, Лигети Лайоштан моңғолтану мен қытайтануды, Телегди Жигмонд мен Бодроглигети Андраштан ирантануды оқып үйренеді. Ұстаз үмітін ақтаған талантты шәкірт Қоңыр оқуын үздік бітірген соң сол университеттің түркология кафедрасында ассистент болып нағыз ғылым жолындағы ізденісін бастайды [4; 117].

Осымен бірге, университетте оқыған жылдары Еуропадағы түркі этникалық топтарының ортасындағы ғылыми экспедицияда жиі болып, олардан тілдік, фольклорлық және этнографиялық мәліметтер жинақтайды. Осылайша, Еуропадағы түркі шоғыры ортасынан басталған зерттеу, экспедициялық жорығы ендігі кезекте Анадолыға, онан әрі ежелгі түріктің атақонысы Орхон өзені бойына дейін жалғасты [5].

Қоңыр өз зерттеуінің негізгі нысанасы етіп Мажарстан түркологиясындағы дәстүрлі салаларының ішінен мажарлардың көне тарихы мен түркі-мажар байланыстарын зерттеуді бағдар етіп ұстанды. Оның зерттеу жұмыстарында көне түркі текті көптеген мажар сөздерінің этимологиясы, башқұрт-

мажар ортақ этнонимі төңірегінде қалыптасқан тұжырымдарға пікірлер беріліп, мажарлар мен құмандардың түркілермен байланыстарын бірнеше қырынан фольклор үлгілеріндегі реликтермен, диалект сөздер, топонимдер мен антропонимдер арқылы жан жақты сараланған. Сонымен бірге мажарлар мен Балқандағы түркілер мен құмандарының тарихи мәдени байланыстарын тіптен көне түрік, ұйғыр руникалық ескерткіштері мен құман руникасының сабақтастығын салыстыру да Қоңырдың зерттеу жұмыстарының бір саласына айналған.

Мандоки Қоңыр Иштванның өз жазбаларына сәйкес оның зерттеу нысанының негізгі бағыттарын келесідей бөліп көрсетуге болады:

1. Көне және бүгінгі қыпшақ жұрттарының тарихы, тілі, мәдениеті мен әдебиеті, фольклоры және этнографиясы;

2. Моңғолиядағы түркі және ұйғыр руникалық жазба ескерткіштеріне қатысты деректерді жинақтау және зерттеу;

3. Моңғолиядағы тува, сондай-ақ Кеңес Одағының (бұрынғы) өзбек, түркімен және Романия мен Бұлғариядағы гагауздарды этнографиялық, лингвистикалық және фольклорлық тұрғыдан зерттеу;

4. Түркі–мадиярлардың көне тарихи байланыстарын зерттеу (мадияр тіліндегі көне түркінің кірме сөздері, печенег-қыпшақ кірме сөздері, сондай-ақ башқұрттар мен мадиярлардың тарихи және тілдік байланыстары).

Мандоки Қоңыр Иштван бала кезінен тарихқа, өзінің құмандық ата-бабаларының тіл ескерткіштерін ерінбей-жалықпай белгісіз болып келген мәтіндер мен оның нұсқаларын іздестіріп, жоғалып құруға қалған ескі қолжазбалардағы құмандық фамилияларды, диалект сөздерді мен Құмания өңірінде кездескен географиялық атауларға дейін жинады [6]. Бұл зерттеулерінің қорытындыларын ол қысқа болса да, 1975 жылы мазмұны өте құнды жаңа деректерден тұратын нұсқаға біріктірді.

Иштван Қоңырдың бірнеше салада түрлі бағыттарда іздену, зерттеу жұмысын жүргізудегі басты мақсаты — Мажарстандағы құман тілінің іздерін тереңірек айқындап, дәлелдеу, құман тілін реконструкциялау мұратын жүзеге асыру болатын. Өзінің зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 1981 жылы Қоңыр «Құман тілінің Мажарстандағы ескерткіштері» атты диссертациясын қорғайды [7].

Осымен бірге, Қоңыр мажарлар мен қазақтардың мінез-құлқы және психологиялық жағынан ұқсастықтарын кеңінен зерттеген. Бұл туралы Иштван Қоңыр өзінің берген сұхбатында «Түркі елдерінің барлығына тән ұқсастықтар бар. Бірақ біз қыпшақтар ежелден бері көшпенді болғандықтан, бүгінгі түркі елдерінің бәрінен ең жақыны бізге қазақтар деп есептейміз. Қазақстанға бірнеше рет келіп отырмын, байқағаным, бізбен қазақтың психологиясы, әдет-ғұрпы арасында өте көп жақындықтар байқалады. Қазір бұл жөнінде жүйелі түрде бір кітап жазбақшымын. Себебі, бұлай бір-екі жақындықтарды айтсам жеткілікті емес, жүйелі түрде әдет-ғұрыпты, салт-сананы тағы басқа жақындықтарды, бала туғаннан бері адам өлгенге дейінгі барлық бүтін дүниені салыстырсақ, жақындықтардың саны өте көп», – деп атап көрсетеді.

Осымен бірге, Қоңыр тілдік деректерге қосымша этнографиялық тұрғыдан құман этногенезі мен генеологиялық тармақ шежіресі турасында көптеген құнды деректер жинақтаған. Ол қыпшақ жұрттарының тарихы бойынша: қытай, араб, парсы, грузин, армян, славян, латын, мажар, роман, араб тілдеріндегі дереккөздер мен жәдігерлерді зерттеуге күш салған. Ол қыпшақ текті халықтардың жаңа заманғы жағдайын зерттеуге 1965 жылдан бері жылына 2-3 мәртеден (қазірге дейін 42 мәрте) тілдік-этнографиялық-фольклорлық экспедициялық зерттеуді Румыния, Бұлғариядағы Добружа, Долю ормандағы түркілер арасында жүргізіп келе жатқандығын 1985 жылғы есептік қолжазбасында қадап айтады [2; 201].

Қоңыр Құмания өңіріндегі елдімекендердегі, әлі қолданылатын құман диалект сөздерін — адам есімдері мен елдімекен аттарын да асқан бір құмарлықпен жинақтаған. Өзі жекеленген ескерткіштер атаған бөлімде мажар тілінің құмандық кірме сөздері, диалектілер, Мажарстандағы құманиялық елдімекендердің аты мен адам есімдеріне тоқталған. Әрбір диалекті сөзді толық талдап, оның фонетикалық, семантикалық және тарихи ерекшеліктерін түсіндіреді. Құман диалект сөздерінің тобының ішінен ол екі категорияны бөліп қарайды: бұрындары ауыз екі тілде қолданылған немесе олар өте бір үлкен аймақта таныс сөздер болған, бірақ бүгінгі таңда бұлар тек қана диалект сөздерге жатады: *arkany* — арқан, *boza* — сыраның бір түрі, *sötkeny* (*sutlahan, sutlagan*) — сүттіген, *dahu* — дақы (құманша *jaqu*).

Қоңырдың құлшынысымен түркі халықтарының ақын-жазушыларының бірқатары мажар тілінде жарық көрген «Әлем әдебиеті энциклопедиясынан» («*Vilagiradolmi Lexikon*») орын алды. Айталық, аталмыш энциклопедияның 1970 жылы жарық көрген VII томының бірінше бөлімінде қазақтан Бай-

ганин Нұрпейіске (635 бет) орын берілсе, 1971 жылы жарық көрген екінші бөлімінде Жамбыл Жабаев (972 б.), Жансүгірұлы Илияс (928-929 б.) және жоқтау жанры (934 б.) таныстырылған. Ғалым қазақ әдебиеті туралы Еуропа университеттері мен түрлі аудиторияларда дәріс оқыған [2; 205].

Қоңыр қазақ мәдениетін, әдебиетін де насихаттаудан тыс қалмады. Қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлғалар жайлы (Абай, Ж. Жабаев, І. Жансүгірұлы, Н. Байғанин, Ы. Алтынсарин және т.б.) және ауыз әдебиетінің жанрлары туралы Әлем әдебиеті энциклопедиясында (Vilagiradolmi Lexikon) мақалалар жариялады. Сондай-ақ, ол қазақ әдебиетінің мадияр тіліне аударылып насихатталуына үлкен үлес қосты: Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» (Nagycsálad. Budapest, 1980) Adijnyertés ló — «Бәйгелі сәйгүлік» атпен қазақ жазушыларының (Budapest, 1977) әңгімелер жинағын шығарды, сондай-ақ қазақ, қарақалпақ, татар, өзбек халық әндері туралы жеке-жеке арнайы зерттеу мақалаларын жариялаған. Осымен бірге, фольклорист ретінде Қоңырдың назар аударған бір мәселесі — жұмбақтар. Жұмбақ — ауыз әдебиетінің көне заманнан келе жатқан және күні бүгінге дейін дамуын тоқтатпаған жанрының бірі. Жұмбақтардың о баста пайда болуына себепші болған құбылыс — табу. Табу әуел баста этнолингвистикалық ұғым ретінде полинезияның тунга тілінен тарағанымен, бұл күнде ол әлем тілдерінің бәріне еніп үлгерген халықаралық термин [8; 198].

Қоңыр Моңғолиядағы түркі және руникалық жазба ескерткіштерін зерттеу мәселесінде қазірге дейін белгілі ескерткіштер мен дереккөздерін зерделеп саралай отырып, жанаша талдауды ұсынған. Аталмыш мәселеге қатысты жасаған 12 мәрте экспедиция барысында беймәлім болып келген 8 ескерткішті, моңғолиялық әріптесімен бірге 4 ескерткішті тапқан. Осыған ұқсас мақсаттағы экспедициямен Өзбекстан, Түркменстанда қыпшақ-өзбек, түркімендер ортасында 2-2 мәртеден болып, олардың өзіндік диалектісін фольклорымен және этнографиясымен қоса зерттеген [9; 125].

Осымен бірге, Қоңырдың саналы ғұмырының мақсат-мүддесі өзі шыққан Мажарстандағы құман-қыпшақтар шоғырының ғасырлар бойы армандаған мұраты — Мажарстандағы құман-қыпшақтардың ұмыт болған тілін, ділін қайта жаңғырту, қалпына келтіру болған. Ол құман-қыпшақтарға тегі, мәдениеті, тарихы, тілі жағынан ең жақын тұрған қазақ, ноғай, қырғыз, қарашай, құмық, башқұрт тілдерін жетік меңгере отырып, сол арқылы көне қыпшақ (құман) тілін қайта қалпына келтіруді басты мақсат етіп ұстанған. Ескі әңгімелер мен көне қолжазбалардағы құмандық фамилияларды, диалект сөздерді, көне географиялық атауларды зерттеуге арналған диссертациясында көптеген тың жаңалықтарды ашқан. Бұған қоса құман-қыпшақтардың жазба тіл ескерткіштерінің бірі — санамақты, мадияр тіліндегі құман-қыпшақтық кірме сөздерді, диалектілерді, Мажарстандағы құманиялық елдімекендердің аты мен адам есімдері, фонетикалық, семантикалық және тарихи тұрғыдан жете талдаған этимологиялық зерттеулері ғылымға қосқан Қоңырдың өшпес үлесі болып қалды.

Осы орайда 1992 жылы Мандоки Қоңырдың Қазақ радиосына берген сұхбатының маңызы бар. Бұл сұхбатта ол қазақ тілі жөнінде «...Басқа түркі тілдерін қоя тұрсақ та болады. Қазіргі қазаққа қазақ тіліне бұрылу керек. Көптен бері оған (тілге) тең құқық берілген жоқ. Біз сырттан келгенде таң қаламыз, қалай шыдады (осыған) осындай үлкен жер көлемінің адамдары, жергілікті тұрғындар, тарихы, мәдениеті зор? Қазақ халқы өте көп нәрседен айырылып қалған. Қазақ тілінің өзіндік мәртебесі болмағанын үлкен қылымыс ретінде санаймыз. Сондықтан мемлекеттік статус берілгеніне дән ризамыз» деп атап көрсетеді [10; 231].

Өзімізге белгілі, Қоңырдың туғанына 65 жылдығына арналған іс-шарада үш бірдей кітаптың тұсаукесері өткізілген: Қоңыр атындағы мектептің директоры Ернар Мәсәлімнің «Балатонға барар жол — Одинокое дерево» атты еңбегі, Дағыстанның Халық жазушысы, ақын Бадрудтин Магомедовтің «Узюлген оьзенги — Оборванное стремя» атты кітабы, Орталық ғылыми кітапхана ұжымы дайындап, «Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-ғұмырнамалық серия бойынша жарыққа шыққан «Ұлы даланың біртуар ұланы» атты Мандоки Қоңыр Иштванға арналған ғылыми-ғұмырнамалық жинақ. Бұл жинақта бұрын-соңды қазақ баспасөзінің бетінде жарық көрмеген Қоңыр Иштанның еңбектерінен таңдамалы үзінділер, өз қолымен жазған құжаттар, естеліктер, хаттар, Қоңыр еңбектерінің толық библиографиясы, ол туралы жарық көрген еңбектер т.б. деректі материал мен мағлұматтар көрініс тапқан [11].

Қорытынды

Осылайша, Иштван Қоңыр Мандоки түркі әлемі үшін еренбей еңбек еткен ғалым ретінде Еуропадағы құман-қыпшақтар мен түркі халықтары арасындағы тарихи-мәдени байланысты зерттеу мәселесін сапалық жаңа деңгейге шығарған. Осымен бірге, түркі халықтарының фольклоры мен әдебиетін аудару, зерттеу, насихаттауда үлкен еңбек сіңірген қайраткер ретінде түркі халықтарының жүрегінен

орын алды. 1970 ж. аяғы — 1980 ж. басынан бастап түркі халықтарының рухани өмірінде таныла бастаған Қоңырдың ерен еңбегінің жемісі — артында қалған отандастарына, соңынан ерген ізбасарларына өте бай, рухани құндылығы зор тарихи мұрасымен белгілі. Қоңырдың қалдырған бай ғылыми мұрасын зерттей келе, оның саналы ғұмырының мақсат-мүддесі өзі шыққан Мажарстандағы құман-қыпшақтар шоғырының ғасырлар бойы армандаған мұраты — Мажарстандағы құман-қыпшақтардың ұмыт болған тілін, ділін қайта жаңғырту, қалпына келтіру болғандығын көре аламыз. Сондықтан, Иштван Қоңырдың ғылыми зерттеу жұмыстары мен ғылыми өнегесінің еліміздің тарихы мен әдебиеті үшін маңызы зор деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Хинаят Б. Венгр түркологы Мандоки Қоңыр Иштванның зерттеулері (ғылыми портреті) / Б. Хинаят // Тілтаным. — 2003. — № 5-6. — Б. 112-123.
- 2 Хинаят Б. Түркітанушы Мандоки Қоңыр Иштван: өмірі мен қызметі / Б. Хинаят // И.Қ. Мандоки. Үзілмес тамырлар. Зерттеулер, естеліктер. — Нұр-Сұлтан: «Ғылым» баспасы, 2020. — 288 б.
- 3 Мандоки Қоңыр Иштван: өмірі мен өнегесі [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: // <https://merem.kz/ru/2020/11/06/mandoki-o-yr-ishtvan-miri-men-negesi/>.
- 4 Хинаят Б. Мажарстан түркологиясы: дамуы мен бүгінгі жайлы қысқаша экскурс / Б. Хинаят // «Көне түркі жазба ескерткіштері: жазу мәдениетінің бастаулары, тілдің даму құбылыстары» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. — Астана, 2005. — Б. 116-125.
- 5 Хинаят Б. Великая степь и ее поклонник / Б. Хинаят // Казахстанская правда. — 2003. — 20 сент.
- 6 Ágoston Gábor-Maksumkizi Ongajsa. Mándoky Kongur István (1944 február 10 – 1992 augusztus 22) // JÁSZKUNSÁG. Társadalom, kultúra. 1993
- 7 7 Henryk Jankowski. In memoriam István Mándoky Kongur // Journal of Turkology. — 1993. — Vol. 1. — No 2. — P. 327–332.
- 8 Моңғолдағы қазақ жұмбақтары. Мандоки Қоңыр жинақтаған фольклор үлгілеріндегі Монғолиядағы қазақтар жұмбақтары // Жұлдыз. — 1996. — №6. — Б. 198-200.
- 9 Мандоки Қоңыр Иштван «Зерттеу нысанымның негізгі бағыттары» (марқұмның өз жазбасы бойынша) // Ұлы даланың біртуар ұланы. — Алматы, 2008. — Б. 123-126.
- 10 Мандоки Қоңырдың 1992 жылы Қазақ радиосына берген сұхбаты // Ұлы даланың біртуар ұланы. — Алматы, 2008. — Б. 231-241.
- 11 Мухаметжанова А.А. Иштван Қоңыр Мандоки ілімі және Мажарстан құмандары [Электрондық ресурс]. / А.А. Мухаметжанова, Р.А. Авакова. — Қолжетімділік тәртібі: <https://pps.kaznu.kz/ru/Main/FileShow2/49624/118/2/0/2015//>.

Э.Т. Бакыткали, З.О. Дукенбаева

Наследие Иштвана Конгура Мандоки и историческое значение его научных трудов

Как известно, огромный научный и общественный интерес к древней и средневековой истории мажар проявляли и венгерские ученые. В исторической науке Венгрии накоплен солидный объем исторической информации, сформировалось несколько научных школ и направлений. В связи с этим в настоящей статье рассмотрены наследие и научные труды выдающегося тюрколога XX века, основоположника европейского кыпчаковедения, автора уникальных трудов по истории, культуре и языку тюркских народов Иштвана Мандоки. Авторами статьи подробно проанализированы основные труды и направления научных интересов, а также вклад Иштвана Мандоки в историческую науку.

Ключевые слова: Иштван Мандоки, историческая наука, научные труды Иштвана, тюркология, Венгрия, Казахстан, тюркские народы, средневековая история.

E.T. Bakytkali, Z.O. Dukenbaeva

The legacy of Istvan Konyr Mandoky and the historical significance of his scientific works

As we know, Hungarian scientists showed great scientific and public interest in the ancient and medieval history of the Magyars, and a solid amount of historical information has been accumulated in the historical

science of Hungary, several scientific schools and trends have been formed. In this regard, the article examines the heritage and scientific works of the outstanding Turkologist of the twentieth century, the founder of European Kypchak studies, the author of unique works on the history, culture and language of the Turkic peoples Mandoki Istvan. The authors of the article analyze the main works and directions of scientific interests, as well as the contribution to historical science of Istvan Mandoka.

Key words: Istvan Mandoky, historical science, scientific works of Istvan, Turkology, Hungary, Kazakhstan, Turkic peoples, Middle Ages history.

References

- 1 Khinaiat, B. (2003). Vengr turkology Mandoki Qonyr Ishtvannyn zertteuleri (gylymi portreti) [Researches of the Hungarian Turkologist Mandoki Konyr Istvan (scientific portrait)]. *Tiltany — Language knowledge*, 5-6, 112-123 [in Kazakh].
- 2 Khinaiat, B. (2020). Turkitanushy Mandoki Qonyr Ishtvan: omiri men qyzmeti [Turkic scholar Mandoki Konyr Istvan: life and activities.]. *Uzilmes tamyrlar. Zertteuler, estelikter — Unbreakable roots. Studies, memories*, Nur-Sultan: «Gylym» baspasy [in Kazakh].
- 3 Mandoki Qonyr Ishtvan: omiri men onegesi [Mandoki Ishtvan the Brown: life and morals]. Retrieved from <https://merci-m.kz/ru/2020/11/06/mandoki-o-yr-ishtvan-miri-men-negesi/> [in Kazakh].
- 4 Khinaiat, B. (2005). Mazharstan turkologiyasy: damuy men bugini zhaily qyskasha ekskurs [Hungarian Turkology: a brief overview of its development and present day]. *Kone turki zhazba eskertkishi: zhazu madenietinin bastaulary, tildin damu kubylystary» atty Khalyqaralyq gylymi-praktikalyq konferentsiianyn materialdary — Proceedings of the international scientific-practical conference "Old Turkic written monuments: the beginnings of writing culture, phenomena of language development"*, Astana [in Kazakh].
- 5 Khinaiat, B. (2003). Velikaia step i ee poklonnik [Great steppe and its worshiper]. *Kazakhstanskaia pravda — Kazakhstan true*, 20 [in Russian].
- 6 Ágoston Gábor-Maksumkizi Ongajsa (1993). Mándoky Kongur István (1944 februar 10 – 1992 augusztus 22). *JÁSZKUNSÁG. Társadalom, kultúra*.
- 7 Henryk, Jankowski. (1993). In memoriam István Mándoky Kongur. *Journal of Turkology*, Vol. 1, 2.
- 8 Mongoldagy qazaq zhumbaqtary. Mandoki Qonyr zhinaktagan folklor ulgilerindegi Mongoliadagy qazaqtar zhumbaktary [Kazakh mysteries in Mongolia. Mysteries of Kazakhs in Mongolia in folklore samples collected by Mandoki Konyr]. *Zhuldyz — Star*, 6 [in Kazakh].
- 9 Mandoki Qonyr Ishtvan. (2008). «Zertteu nysanymyn negizgi bagyttary» (markumyn oz zhazbasy boiynsha) [The main directions of my object of research (according to the deceased's own writing)]. *Uly dalanyn birtuar ulany — The great warrior of the great steppe*, Almaty [in Kazakh].
- 10 Mandoki Konyrdyn 1992 zhyly Qazaq radiosyna bergen sukhaty (2008). [Mandoki Konyr's interview with Kazakh Radio in 1992]. *Uly dalanyn birtuar ulany — The great warrior of the great steppe*, Almaty [in Kazakh].
- 11 Mukhametzhanova, A.A., & Avakova, R.A. Ishtvan Qonyr Mandoki ilimi zhane Mazharstan qumandary [Istvan Konyr Mandoki's teaching and the Hungarian Kumans]. Retrieved from <https://pps.kaznu.kz/ru/Main/FileShow2/49624/118/2/0/2015//> [in Kazakh].